

В СТРАНЕ СФОРМИРОВАНО И ФУНКЦИОНИРУЕТ 5 МЕЖДУНАРОДНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ И 8 АВТОМОБИЛЬНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ. ПО ИТОГАМ 2024 ГОДА ТРАНЗИТНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ДОСТИГЛИ 34,6 МИЛЛИОНА ТОНН, ЧТО НА 7,1% БОЛЬШЕ ПО СРАВНЕНИЮ С АНАЛОГИЧНЫМ ПЕРИОДОМ 2023 ГОДА. ДАННЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ ПЛАНИРУЕТСЯ ДОВЕСТИ ДО 67 МИЛЛИОНОВ ТОНН К 2029 ГОДУ И ДО 100 МИЛЛИОНОВ ТОНН К 2035 ГОДУ. С ЭТОЙ ЦЕЛЬЮ ВЕДЕТСЯ СИСТЕМНАЯ РАБОТА ПО РЕАЛИЗАЦИИ КРУПНЫХ ИНФРАСТРУКТУРНЫХ ПРОЕКТОВ, НАПРАВЛЕННЫХ НА РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНО-ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТРАНЫ.

Максат КАЛИАКПАРОВ,
вице-министр транспорта РК



№74 (3113)
12/09/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ЗЕРНО В КОНТЕЙНЕРАХ – ВО ВЬЕТНАМ

АО «Кедентранссервис» совместно с ТОО «Форт» и при активном участии АО «НК «Продкорпорация» организовали уникальную логистическую операцию по экспорту зерна из Казахстана во Вьетнам.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

С мая по сентябрь 2025 года организована комплексная перевозка 10 контейнерных поездов с пшеницей из северных регионов Казахстана. Общий объем перевозки составил 17 000 тонн зерна.

Маршрут доставки прошел от станций Ак-Куль, Азат, Кокшетау до порта Ляньюньган в Китае и далее до порта Хайфон во Вьетнаме.

Ключевая инновация проекта – зерно перевозилось в единых железнодорожных контейнерах без перегрузки в китайских портах. Это уникальное решение позволило: сохранить качество продукции на всем пути следования; существенно сократить сроки доставки; оптимизировать логистические затраты.

АО «Кедентранссервис» рассматривает данный проект как важный шаг в развитии казахстанского экспортного потенциала. Опыт подтверждает, что современная транспортно-логистическая инфраструктура Казахстана позволяет эффек-



тивно соединять регионы Центральной Азии с динамично развивающимися рынками Азиатско-Тихоокеанского региона.

Проект продемонстрировал транспортную мощь Казахстана на службе агроэкспорту. Ведь успешная реализация перевозок открывает новые возможности для расширения поставок отечественной сельскохозяйственной продукции в страны Юго-Восточной Азии, где наблюдается устойчивый рост спроса на зерновые культуры. Реализация этого проекта стала еще одним под-

тверждением эффективности и технологичности логистической инфраструктуры ҚТЖ. Казахстан уверенно укрепляет позиции надежного транзитного и экспортного хаба между Центральной Азией и странами Азиатско-Тихоокеанского региона.

Такой формат доставки открывает новые возможности не только для экспортеров зерна, но и для всех участников внешнеэкономической деятельности, стремящихся к устойчивым, быстрым и конкурентоспособным маршрутам.

Фото автора

МУЗЫКАЛЫҚ РЕАЛИТИ-ШОУҒА АРНАЛҒАН ПОЙЫЗ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ Қазақстан аумағында түсірілетін халықаралық «Voice Beyond Horizon» жобасына арнап арнайы музыкалық пойыз ұйымдастырды. Түсірілім үшін 7 жолаушылар вагоны мен 1 мейрамхана-вагон бөлінді. Арнайы жасақталған пойыз шамамен 150 өнерпаз бен халықаралық деңгейдегі қонақтарды қабылдауға мүмкіндік береді.

8 қыркүйектен бастап пойыз «Түркістан-Ақтау-Алматы-Астана» бағыты бойынша 18 күндік сапарға шықты. Бағдар аясында ірі қалаларда түсірілімдер мен мәдени іс-шаралар өткізіліп, Қазақстанның туристік әлеуеті мен табиғи көрікті аймақтары кеңінен таныстырылады.

Жоба Қытайдың жетекші медиа-холдингі Hunan Broadcasting System-мен бірлесіп жүзеге асырылуда. Аталған компанияның күнделікті аудиториясы 210 миллионнан астам көрерменді қамтиды, соның ішінде Mango TV платформасы бар. Жобаның басты мақсаты – Қазақстанды халықаралық деңгейде таныту, мәдени әріптестікті нығайту және теміржолды заманауи мәдени алаң ретінде көрсету.

Жобаның атқарушы продюсері – әлемге әйгілі әнші Димаш Құдайберген. Бұл бастама ол үшін символикалық мәнге ие: он жылға жуық уақыт бұрын оның халықаралық мансабы Hunan TV арнасындағы Singer жобасында басталған еді. Енді ол жаңа қырынан – халықаралық музыкалық реалиити-шоудың бастамашысы әрі продюсері ретінде қайта оралды.

Жобаға Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Италия, Малайзия және Сербия елдерінің орындаушылары қатысады. Түсірілімдер Астана, Алматы қалаларында, сондай-ақ Алматы, Ақмола, Түркістан және Маңғыстау облыстарында өтеді. Негізгі түсірілім алаңдары ретінде Шарын шатқалы, Бозжыра үстірті, Көбейтүз көлі және Сайрам-Өгем ұлттық паркі таңдалды. Жобаның финалдық кезеңі Астанада өтпек. Шоу Hunan TV арнасында, Mango TV цифрлық платформасында, сондай-ақ қазақстандық «Jibek Joly», «Хабар» және өзге де телеарналарда көрсетіледі.

Ұлан ОРАЗ

Суретті түсірген автор



Бөріхан БЕРКИМБАЕВ,
Ақтөбе жүк тасымалы
бөлімшесінің директоры:

Кәсіподақ

ӨТКЕНГЕ ЕСЕП, КЕЛЕШЕККЕ МІНДЕТ

2025 жылдың 10 қыркүйегінде «Қазақстан салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ-ның XI съезі өтті. Съездің күн тәртібінде «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық Кеңесінің 2020-2025 жылдардағы жұмысы туралы есебі және кәсіподақтың алдағы 2025-2030 кезеңге арналған міндеттері», сондай-ақ Кәсіподақ Жарғысы, Кәсіподақ төрағасын сайлау туралы мәселелері қаралды.



Сүлгүл БАКЕСОВА,
Астана

Осы үлкен жиында съезд делегаттарының қолдап, дауыс беруімен кәсіподақ атауы «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ деп өзгертіліп, оның төрағасы болып Оразғали Ахметбаев қайта сайланды.

Съезд жұмысына ел өңірлерінен келген делегаттардан басқа ҚР Кәсіподақтар федерациясы, ҚР Көлік министрлігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ топ-менеджерлермен қатар Ресей, Грузия елдерінен мәртебелі меймандар

қатысты. «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық Кеңесінің 2020-2025 жылдардағы жұмысы туралы төраға Оразғали Ахметбаев есеп беріп, бүгінде кәсіподақ 96 мыңнан астам мүшесі біріктіретінін атап өтті.

Оның айтуынша, есепті кезең ішінде Орталық Кеңестің 12 отырысы, кәсіподақ ОК атқару комитетінің 24 отырысы өтіп, 500-ден астам қаулы қабылданған. Олардың ішінде кәсіподақтың бастауыш ұйымдары төрағаларының еңбегіне ақы төлеуді реттейтін ережелер, «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес туралы» және «Еңбекті қорғау жөніндегі

техникалық инспектор туралы», сонымен қатар үлгілік ережелер әзірленіп бекітіліп, жастар саясатының негізгі бағыттары белгіленіп қабылданған. Кәсіподақ осыдан 120 жыл бұрынғыдай жұмыскерлер атынан жұмыс берушілермен, мемлекеттік органдармен екі-үш жақты келіссөздер жүргізіп, ұжымдық шарттар мен салалық келісімдер жасап келеді. Соның біріне, ҚР Көлік министрлігімен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес компанияларымен 2021-2023 жылдарға және 2024-2026 жылдарға арналған Салалық келісімді атауға болады.

Жалғасы 2-бетте

СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕРЕЗ ИННОВАЦИИ И ПАРТНЕРСТВО

В электропоезде Астана – Боровое состоялась необычная медиа-встреча: журналисты смогли напрямую пообщаться с управляющим директором по новым проектам АО «НК «Қазақстан темір жолы» Ильей Мещеряковым. Тема беседы – стратегическое развитие закупочной деятельности компании, вопросы импортозамещения, местного содержания и внедрения современных технологий, включая искусственный интеллект.



Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Выбор формата встречи в пути символичен: железная дорога, связывающая регионы страны, стала фоном для разговора о будущем национальной компании и экономики Казахстана.

АО «НК «ҚТЖ» сегодня строит систему закупок, ориентируясь на принципы открытости, эффективности и долгосрочного партнерства. В 2025 году компания заключила 1 402 договора с отечественными товаропроизводителями, а общий портфель долгосрочных контрактов насчитывает 185 соглашений на сумму 2,8 триллиона тенге. Дополнительно подписано 17 офтейк-договоров на 87,6 миллиарда тенге – это поставки от ключевых элементов железнодорожной инфраструктуры, таких как колесные пары и стрелочные переводы, до современных полимерных изоляторов.

Управляющий директор по новым проектам АО «НК «Қазақстан темір жолы» Илья Мещеряков подчеркнул, что закупочная деятельность компании выходит далеко

за рамки простой процедуры обеспечения товарами и услугами.

– Мы рассматриваем закупку как стратегический механизм развития экономики Казахстана. Поддержка отечественных производителей, внедрение искусственного интеллекта и прозрачные правила игры – это то, что делает ҚТЖ современным и ответственным партнером для бизнеса и общества, – отметил он.

Компания формирует привлекательные условия для отечественных поставщиков. Среди них – аванс не менее 30%, упрощенные процедуры участия в тендерах, ускоренная оплата в течение пяти рабочих дней и возможность поставки продукции в срок до 60 рабочих дней. Такой подход стимулирует предпринимателей развивать производство внутри страны, создает новые рабочие места и укрепляет экономическую устойчивость регионов. За последние пять лет ҚТЖ подписала офтейк-контракты на сумму свыше 250 миллиардов тенге, что уже привело к запуску новых производств на территории Казахстана.

Особое внимание на встрече было уделено

внедрению инноваций. Искусственный интеллект, который внедряется в систему закупок ҚТЖ, уже стал мощным инструментом. Он анализирует технические задания, проверяет соответствие документов нормативам и выявляет возможные ошибки или нарушения еще на раннем этапе. Это снижает коррупционные риски, ускоряет процесс согласований и помогает компании действовать строго в рамках закона. По словам Ильи Мещерякова, алгоритмы позволяют быстрее принимать решения, минимизировать влияние человеческого фактора и обеспечивать прозрачность каждого этапа закупки.

Уже достигнутые результаты говорят сами за себя. Категорийный подход, применяемый в компании, дал экономии в 48 миллиардов тенге. Среди ярких примеров – закупка спецодежды с едиными стандартами качества, что позволило повысить контроль за безопасностью труда, а также объединенные закупки IT-оборудования, которые снизили затраты и улучшили техническую оснащенность подразделений.

В 2025 году ҚТЖ начала обновление стратегии по медицинским услугам. В планах – цифровизация медосмотров для работников, внедрение КРІ для поставщиков услуг и переход на долгосрочные контракты. Эти меры направлены на повышение качества обслуживания сотрудников и рациональное использование средств компании.

– Мы получили возможность раскрыть больше о нашей деятельности. Что мы делаем, как мы проводим закупки, как поддерживаем отечественных производителей и какой эффект от нашей совместной работы получаем. Открытость и прозрачность – самые важные принципы. Сегодня новые технологии и искусственный интеллект помогают нам ускорять процессы, выявлять ошибки, которые может допустить человек, и действовать логично и справедливо. Это не только укрепляет доверие к ҚТЖ, но и напрямую влияет на качество сервиса в стране и развитие экономики, – подчеркнул в ходе беседы Илья Мещеряков.

Фото Александра ЖАБЧУКА



АҚТӨБЕДЕ 2027 ЖЫЛҒА
ДЕЙІНГІ АРНАЙЫ ТЕМІРЖОЛ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨТКІЗУ
ҚАБІЛЕТІН ДАМУҒА БАҒДАР-
ЛАМАСЫ БАР. «ҚАНДЫАҒАШ –
НИКЕЛЬТАУ – ӘЙТЕКЕ БИ»
БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАҢА 7
РАЗЪЕЗД ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ
БАСТАЛУЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА
БОЛДЫ. ОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ
БҮЛ ТЕЛІМНІҢ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІ
2 ЕСЕГЕ АРТЫП, 7 ЖҰП ПОЙЫЗ-
ДАН 25-КЕ ДЕЙІНДІ ҚҰРАЙДЫ
ДЕП КҮТІЛУДЕ. СОНДАЙ-АҚ
НИКЕЛЬТАУ СТАНЦИЯСЫНДА
АЙНАЛМА ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ
БАСТАЛАДЫ. БҮЛ ҚАНДЫАҒАШ –
НИКЕЛЬТАУ – ӘЙТЕКЕ БИ
ПОЛИГОНЫНДАҒЫ ЖҰК ЖӘНЕ
ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗДА-
РЫНЫҢ ТОҚТАУСЫЗ ЖҮРҮІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2025 ЖЫЛДЫҢ ӨТКЕН
СЕГІЗ АЙЫНДА ТЕМІРЖОЛШЫЛАР
АДАМ БАСУ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ
АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА

1512

ЖИЫН ӨТКІЗДІ.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ
ПОЙЫЗДАРЫМЕН ӨТКЕН ЖЕТІ АЙ
ІШІНДЕ

7,8 млн

АСТАМ ЖОЛАУШЫ САПАРҒА ШЫҚҚАН.

«ҚТЖ-ЖОЛАУШЫЛАР ЛОКОТИВ-
ТЕРІ» ЖШС БОЙЫНША БҮГІНДЕ

60

ЖОЛАУШЫЛАР ЛОКОТИВІНЕ
БЕЙНЕТІРКЕПШТЕР ОРНАТЫЛҒАН.

БАЛАЛАР – ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚТА

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана



ӘЛЕУМЕТ

Елімізде балаларға және олардың өміріндегі маңызды сәттерге ерекше назар аударылып отыр. Бұл құндылық «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында да кеңінен дәріптелуде.



Биыл Қазақстан бойынша мектеп табалдырығын 363 461 бала аттаған болса, оның 19 374-і теміржолшы отбасының балалары екен. Жалпы, бүгінде теміржолшы отбасылардың мектепте оқитын 6-17 жас аралығындағы балаларының саны 112 мың шамасында. Ал мектепті санаулы айлардан соң бітіретін балалар санына келсек, ол 13 960-ты құрайды. Ал осы жеткіншектер мен жасөспірімдердің мектеп өміріндегі ең айтулы күндері қайсысы дейтін болсақ, ол бірінші сыныпқа барған күн мен білім ордасымен қоштасқалы отырған соңғы қоңырау күні. Бұл даталарды Ұлттық компания да назардан тыс қалдырмақ емес. Компания басшылығы бірінші қоңырау немесе соңғы қоңырау сияқты оқиғалар отбасы үшін ерекше кезең екенін ескере отырып, жақында ұжымдық шартқа жаңа әлеуметтік жеңілдік – қосымша ақылы демалыс күнін енгізгенін айтар едік.

Бұл демалыс күні, баласы бірінші сыныпқа барып жатқан және баласы мектепті бітіріп жатқан компанияда жұмыс істейтін барлық әйелдерге, сондай-ақ баланы (балаларды) анасыз тәрбиелеп отырған ер адамдарға беріледі. Осылайша, ата-аналар ең маңызды сәттерде, яғни 1 қыркүйек (Білім күні) және соңғы қоңырау күні балаларының жанында бола алады.

Ақылы демалыстың бұл қосымша күні – баланың өміріндегі маңызды күнде оған қолдау көрсете отырып, оның толқуы мен қуанышын бөлісу мүмкіндігі болмақ. Атап өтерлік, демалыс күні өндірістік процестер мен жұмыс кестелерін бұзбай отырып ойластырылған.

Бұл шара компания тарапынан өзінің қызметкерлері мен балаларына деген құрметін білдіреді, сондай-ақ адамгершілік пен ілтипатқа толы корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған қадам болмақ.

Бұдан бөлек «ҚТЖ» ҰК» АҚ жыл сайын компанияның игі бастамасы болып табылатын «Балаларды мектепке дайындайық» қайырымдылық акциясын өткізіп, республикалық «Мектепке жол» акциясына да белсенді қатысып келеді. Биыл компания өз жобасы аясында 3-5 класты шалғай станция, бекеттерде тұратын, көп балалы теміржолшылардың отбасыларынан шыққан бірінші сыныпқа баратын 700 оқушыны мектеп құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етіп, жаңа оқу жылы басында теміржолшы отбасыларына қолдау білдірді. Сонымен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша теміржол саласында еңбек ететін еңбеккерлердің 8-13 жас аралығындағы 6 мың баласының жазғы маусымда демалысы ұйымдастырылды. Мәселен, Қазақстанның барлық өңірлерінен келген теміржол саласы қызметкерлерінің көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан 250 бала жазғы демалысын Астанада өткізді. Балалар мұхитаралға, Теміржол көлігінің орталық мұражайына, «Бөйтерек» монументіне барып, Есіл өзенінде теплоходпен серуендеді. Осылайша, кәсіподақтың ұйытқы болуымен жазғы және қысқы демалыс кезінде Астананы теміржолшылардың 2500 астам баласы тамашалады. Бұл дәстүр жыл сайын жалғасын тауып, балаларға балғын шақтың әсерлі естеліктерін сыйламақ.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ ҚАРҚЫН АЛУДА



АЙМАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының айтуынша, биылғы жылу маусымы кезеңіндегі облыс халқының көмірге деген жалпы қажеттілігі 567 мың тоннаны құрайды екен. Жалпы аймақ бойынша 15 көмір өткізу пункті, соның ішінде 11 теміржол тұйығы және 4 ірі қойма бар. Осыған байланысты 32 көмір операторы жұмыс істейді. Көмір жеткізілімі теміржолшылар тарапынан бақылауға алынған. Алдағы уақытта тәулік сайын құрастырылатын пойыздар саны арта бермек. Бүгінде Дегелең станциясынан 6-8 пойызды жасақтап аттандыруға толық мүмкіндік бар. Көмір жеткізілімі келіп түскен тапсырысқа сай орындауда. Мәселен, бүгінгі таңда Жаңа-Семей станциясының теміржолшылары қызмет көрсететін «Восток/Уголь-Пром» теміржол тұйығында 300 тоннадан астам көмір бар. Тәулігіне ең кемі 9 вагон



қатты отын түсіріледі. Көмір бағасы үйге дейін жеткізіп беруді қоса алғанда тоннасына 17 500 теңгені құрайды. Бұл – күллі республика көлеміндегі ең арзан баға.

Сала мамандары биылғы тамыз айынан бастап қарқын алған қатты отын тасымалы штаттық режимде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Тасымал үдерісінің барлық сатысынан бастап көмір операторларының жұмысы арнайы құрылған жұмыс тобының назарында тұр. Облыстық әкімдіктің бастамасымен аймақтағы бюджеттік ұйымдарға көмірді 15 қыркүйекке дейін толық жеткізу міндеттелген. Осы ретте алдағы жылыту маусымы кезеңінде өңірде тәулік бойы жұмыс

істейтін Call-орталықтар ашу да көзделіп отыр. Қазіргі таңда жергілікті теміржолшылар қауымы тұрғындарға қазан айының басына дейін отын қорын толық жасақтау қажеттігін түсіндірде. Алдағы 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына көмірді ерте сатып алу, тек жылу қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, маусым басталғанда туындайтын ұзын-сонар кезектің, көмір тапшылығы мен бағаның өсу қаупін болдырмауға да көмектеседі. Сондықтан көмір сатып алуды кешіктірмей, қазірден бастап қолға алған жөн. Бұл қадам тұрғындарға да, көмір жеткізуші теміржолшылар қауымына да қолайлы.

Жалпы синоптиктердің болжамы бойынша биыл шығыста қыс ерте түсіп, аяз қатты болады деген болжам бар. Осыған орай аймақтағы бюджеттік және бюджеттік емес нысандардың жылыту маусымына дайындығы қатаң бақылауға алынуда. Семейлік теміржолшылар ел шығысын толықтай қатты отынмен қамтуда кедергілер туындамайды деген сенімде.

Суретті түсірген автор

ӨТКЕНГЕ ЕСЕП, КЕЛЕШЕККЕ МІНДЕТ



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Кәсіподақ қызметінің маңызды бағыттарының бірі – жұмысшылардың әл-ауқатын қалыптастыратын жалақы мәселесі. Соңғы бес жылда теміржолшылардың жалақысы 2,8 есе өсті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ және еншілес компаниялар тобы бойынша орташа жалақы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 558 602 теңгені құрады, бұл Қазақстан Республикасы бойынша 2025 жылдың қазіргі кезеңіндегі орташа жалақыдан 12,4% жоғары. Жыл сайын жыл басында кәсіподақ компания басшылығына жалақыны нақты арттыру және қызметкерлерді ынталандыру бойынша хат жолдап отырады. Кәсіподақтың сұранысы бойынша қазіргі таңда қолданып отырған сыйлықақы енгізілді. Компания жұмысшылардың еңбекке ынтасын ескере отырып еңбекке қатысу коэффициентін қолданып, лауазымдық жалақының тарифтік мөлшерінің 20%-на дейін ай сайын сыйлықақы төленуіне, ал желілік филиалдардың әкімшілігіне және ИТР персоналы үшін лауазымдық жалақының тарифтік мөлшерінің 30-дан 60%-ға дейін еңбек нәтижесіне байланысты төленіп отыруына қол жеткізді. Сонымен қатар 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шартта демалыс және мереке күндері еңбекақы төлеу жөніндегі нормалар екі есе мөл-

шерінде сақталған, сондай-ақ Республика күніне, ҚР Тәуелсіздік күніне, Наурыз мерекесіне және өзіміздің «Теміржол көлігі қызметкерлері күніне» арналған төрт міндетті біржолғы сыйлықақы қарастырылған», – деді Оразғали Төлепбекұлы.

Кәсіподақ жұмысының басым бағыттарының бірі қызметкерлердің еңбек процесінде өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құқықтарын қорғауға бағытталған. Осы бағытта компания кәсіподақпен бірлесіп, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жақсарту жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын іске асырып келеді. Нәтижесі де жоқ емес. 2025 жылдың 6 айында 2024 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда өндірістік жарақаттану 58%-ға төмендеген. Өткен жылы өліммен аяқталған 6 жағдай тіркелсе, 2025 жылы мұндай жағдай болмаған, болмасын деген тілек те бар.

Кәсіподақ теміржолшылармен қатар олардың балаларына да қамқорлық көрсетуден кенде емес. Бір ғана мысал, «Мектепке жол» акциясы аясында көп балалы және аз қамтылған теміржолшылар отбасыларының 3000-нан астам баласы мектепке керек-жарақтары бар рюкзактармен қамтамасыз етілген. Кәсіподақ тарапынан атқарылған

түрінде 263 теміржолшы отбасына 178 млн теңгеден астам қаражат бөлінді», – деді «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы.

Съезге арнайы шақырылған қо-нақтар да сөз алып, теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіподағын 120 жылдық мерейтойымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

– Халықаралық теміржолшылар кәсіподақтары конфедерациясына (МКПЖ) кіретін мүшелік ұйымдар Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Өзбекстан және Тәжікстан арасында ын-тымақтастық белсенді дамуда. Алдағы уақытта бұл ұйымның қатарына Моңғолия кіруге қы-зығушылық танытып отыр. Осы ретте «Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның игі бастамалардың көшбасшысы болып, үлкен іс-шаралардың бел ортасынан табылып келеді. Мәсе-лен, 2024 жылғы 29-30 мамырда Астана қаласында «Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның шақыруымен МКПЖ кеңесінің 67-ші отырысы өтті. Шекара маңы ынтымақтастығы туралы жасалған Қазкөліккәсіп және Роспрофжел арасындағы Ме-морандумды орындау кәсіподақтар үшін маңызды және бірегей оқиға болды, – деп атап өтті МКПЖ және Роспрофжел төрағасы Дмитрий Шаханов.

Күн тәртібі бойынша съезд төраға-ны, Орталық Кеңес мүшелерін сайлап, Орталық Кеңестің Атқа-рушы комитеті мен бақылау-реви-зиялық комиссиясының құрамын жаңартты. Жалпы съезд барысында қабылданған шешімдер кәсіподақ қозғалысын әрмен қарай дамытуға және Қазақстанның көлік саласы қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейтуге бағытталмақ.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚАУІПСІЗДІК ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ



СЕМИНАР

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Семинарға сондай-ақ «Вагон-сервис», «Жолаушылар тасымалы» АҚ-лары, Экспресс, Қала маңы тасымалы филиалдарының бас инженерлері мен жетекші мамандары арнайы шақырылды. Спикерлер қауіпсіздік ережелерімен қатар Президент Жолдауында теміржолға қатысты айтылған ақпараттар, жаңа стандарт пен жасалып жатқан жұмыстар туралы жан-жақты түсіндіріп, егжей-тегжейлі баяндады.

«Қауіпсіздікті қалай сақтауға болады? Оның қазіргі заманауи әдістері қандай, қызметкерлердің жадына ережені қарапайым тәсілмен сіңіру туралы сұқбаттасып, пікірталасып, ой бөлістік. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі



жұмыстардың өзінен басталатыны айтылды. Практикалық семинарлар маңызды, әріптестермен кездесу арқылы ішкі сұрақтар ашық талқыланады», – деді «Вагонсервис» АҚ жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалының бас инженері Жәнібек Мұқанбеткәрімов.

Семинар-мектепті «Вагонсер-

вис» АҚ Жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалының бас директоры еңбек қауіпсіздігі туралы баяндама-сымен ашты. Жиынға өндірісте жүрген адвокаттар шақырылған. Адвокат Раушан Ізтілеуова еңбек шарттары, олардың заңда қолданылуы мен кәсіби қауіп кезіндегі ережелерді оқыс оқиғалардан

мысал келтіру арқылы түсіндірді. Еңбек инспекциясынан келгендер еңбек қауіпсіздігі, заң талап ететін негізгі алғышарттарды айтса, медициналық университет дәрігерлері жүрек-қан тамырлар жолдарын көрсетті.

Семинардың тағы бір ерекшелігі, жұмыс барысындағы ескертулер ойын түрінде ұсынылды. Цехтарды аралау кезінде анықталған талапқа сәйкес емес көріністер экраннан көрсетілді. Ойынға әр филиалдан бас инженерлер шықты. Олар көріністің қай өңірдегі цехқа тиесілі екенін және көріністе қандай кемшіліктер бар екенін табу керек. Осылайша бас инженерлердің цехтарды өздері аралайтыны, ол жақтағы көріністі қаншалықты білетіні тексерілді. Талқылаулар арқылы қауіпсіздік ережелері қайталанды.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның

орталық кеңсесінен арнайы келген Айгүл Әкімжанова өндірістегі қауіпсіздікті басқару принциптері туралы баяндап берді. Бес жылда өндірісте болған жарақаттарға қатысты талдамаға тоқталды. Айтуынша, 2020-2024 жылдар аралығында «Жолаушылар тасымалы» АҚ бойынша 33 жазатайым оқиға тіркелген. Оның 13-і қызметкер денсаулығының нашарлауынан туындаған. Осыған байланысты қызметкерлердің денсаулығына аса мән беру, денсаулығындағы кінәраттарды алдын ала анықтау маңыздылығы айтылды. 2025 жылы жолаушылар ауруашылығы бойынша 10 жазатайым оқиға тіркелсе, оның үшеуі Павлодар өңіріне тиесілі екен.

2019-2025 жылдар аралығында шаруашылық бойынша денсаулығы кенеттен нашарлаған 39 жағдай тіркелген. Оның 15 жағдайы өліммен аяқталыпты. Көп жағдай жүрек-қантамыр жүйесі жұмысының бұзылуымен байланысты екен.

«Өндірісте жарақаттануды болдырмау, нөлдік жағдайға жеткізу үшін бірінші басшыларға тапсырмалар берілді. Ең бірінші профилактикалық жұмыстың сапасын арттыру және қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерін

сақтауын бақылауды күшейту қажет. Қызметкерлердің еңбек және демалыс режимінің сақталуын қамтамасыз ету маңызды. Қызметкер медициналық тексерулерден уақытылы өтуі тиіс. Бригадалар рейске шықпас бұрын медициналық тексеріске бару керек. Сырқатына байланысты диспансерлік есепте тұрған, 50 жастан асқан пойыз бригадаларының қызметкерлері 3 тәуліктен асатын қалааралық маршруттар бойынша рейске жіберілмеуі тиіс. Қорыта айтқанда, өндірісте жарақат болдырмас үшін 7 «алтын ережені» орындау маңызды: адалдық, қауіпті анықтау, бағдарламалар мақсатын білу, еңбек қауіпсіздігін жоғары деңгейде сақтау, қауіпсіздік гигиенасы, біліктілікті арттыруды дағдыландыру және ынталандыру», – деді Айгүл Ибрагимқызы.

Сонымен қатар бас инженерлер жұмыс барысындағы сұрақтарға да жауап алды. Ашық диалогта болған оқиғалар, сол кезде туындаған сұрақтар талқыланды. Техникалық дәрістер мен семинарлардың қажеттігін айтты. Себебі әрдайым күн тақырыбынан түспей тұрған еңбек және қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шаралары өндірісте өзекті.

Суретті түсірген автор

СИЛА АЛТЫНКОЛЯ – В ЛЮДЯХ



ИТОГИ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Круглосуточная работа кипит на стыке двух стран: здесь проходят транзитные поезда, обрабатываются грузы, выстраиваются новые маршруты. В этом году из Казахстана в Китай перевезено 5,2 миллиона тонн (+27%), а из Китая в Казахстан – 5,3 миллиона тонн (+11%). Обмен поездов достиг впечатляющих масштабов: по узкой колее принято 4 429 составов, по широкой – отправлено 2 536.

Особая гордость станции – контейнерные перевозки. Только с начала года в Европу ушло 560 поездов, Россию – 531, Центральную Азию – 1 021, по ТМТМ – 254, в Казахстан – 45. Географическое положение и передовые технологии обработки грузов сделали Алтынколь ключевым звеном евразийских маршрутов.

Но за цифрами стоят люди. Коллектив станции – это ко-

манда, где каждый знает свою задачу и стремится выполнить ее качественно.

– Сила нашей станции – в людях, именно они делают результат, который виден сегодня, – подчеркнул директор станции Алтынколь Данияр Нуркасымов.

На станции вопросам безопасности уделяется особое внимание. Здесь действует комплексная система мер, охватывающая все направления работы – от движения поездов до охраны труда сотрудников. В основе организации – строгий контроль за соблюдением правил технической эксплуатации и трудовой дисциплины. Регулярно проводятся инструктажи. В коллективе понимают, что безопасность – это не отдельная задача, а часть повседневной работы.

Алтынколь меняет и саму жизнь региона. Еще недавно здесь



простиралась пустынная степь, а сегодня вырос современный поселок Нуркент с жилыми кварталами, дорогами и зелеными аллеями. Вместе со станцией ожил и этот край: спортивные и культурные мероприятия, волонтерские акции, корпоративные проекты делают жизнь железнодорожников и их семей яркой и насыщенной.

На станции особое внимание уделяют молодым специалистам: старшие коллеги передают им

опыт, а новые технологии внедряются в работу. Здесь жизнь не ограничивается производством – проходят спортивные и культурные мероприятия, волонтерские акции. Это укрепляет командный дух и делает Алтынколь местом, где интересно жить и работать.

Для многих Алтынколь – не просто пограничная станция, а символ роста и развития железной дороги Казахстана.

Фото автора

Репортаж

ТЕХНОЛОГИИ НА РЕЛЬСАХ

Представители отраслевых средств массовой информации ознакомились с передовыми технологиями производства подвижного состава на предприятиях Трансмашхолдинга (ТМХ) – одного из мировых лидеров транспортного машиностроения.



В пресс-тур на ключевые производственные площадки холдинга пригласили журналистов из России, Беларуси, Армении, Венгрии и Казахстана, в том числе республиканского издания «Қазақстан теміржолшысы». Он состоялся в преддверии международного железнодорожного салона «PRO//Движение.ЭКСПО», где ТМХ представил шесть разработок нового подвижного состава: магистральный грузопассажирский тепловоз ТЭ26, дизель-поезд ДП2Д, инновационные купейный и штабной пассажирские вагоны, электропоезд постоянного тока ЭП2ДМ и пятисекционный трамвай «Воевода».

Открыло расширенную программу пресс-тура посещение завода по производству поездов метро «Метровагонмаш» в городе Мытищи (Московская область), география поставок которого включает 19 метрополитенов 11 стран мира. Генеральный директор завода Андрей Степнов рассказал гостям о продуктовой линейке предприятия и инвестициях в развитие производственных мощностей. Журналисты побывали на линиях сборки вагонов и тележек, ознакомились с роботизированными комплексами и современной системой управления производством.

В тот же день представители СМИ посетили офис компании «ТМХ Инжиниринг», отвечающей за разработку новых образцов продукции. Он объединил более 1 200 высококлассных инженеров-конструкторов и инженеров-технологов группы ТМХ.

– Мы планомерно осваиваем методы кросс-взаимодействия и кросс-проектирования, чтобы при изменении фокуса по продуктам можно было подключать конструкторов одной площадки к другой, без потерь информации обмениваясь технологиями и создавать унифицированные проекты. Таким образом, мы можем собирать воедино наиболее сильные компетенции, которые были рассредоточены по разным предприятиям, – рассказал генеральный директор ООО «ТМХ Инжиниринг» Дмитрий Петраков.

За семь лет с момента создания инженеры компании воплотили в жизнь более



150 машиностроительных проектов различной степени сложности для российского и экспортных рынков.

Еще одним важным пунктом программы пресс-тура стало посещение Тверского вагоностроительного завода – одного из крупнейших в мире предприятий по производству различных типов вагонов локомотивной тяги скоростью до 200 километров в час и современных элетропоездов. Завод выпускает более 80 моделей одно- и двухэтажных вагонов для внутреннего и международного сообщения, включая вагоны спецназначения, а также новые пассажирские вагоны увеличенного габарита Т. В прошлом году на заводе построен уникальный медицинский поезд «Святой Пантелеймон», первым в России получивший регистрацию в качестве медицинского изделия – передвижного консультативно-диагностического центра.

Представители СМИ узнали о богатой истории предприятия, которому в августе исполнилось 127 лет, посетили сварочный и вагоносборочный цехи, логистический комплекс и Центр управления производством. Осмотрели и готовую продукцию – двухэтажные пассажирские вагоны и последнюю модификацию новейшего российского электропоезда «Иволга 4.0».

На железных дорогах Казахстана активно эксплуатируются вагоны, выпущенные заводом в Твери. По информации заместителя генерального директора АО «Пассажирские перевозки» Айбата Кангалиева, в ближайшей перспективе КТЖ планирует приобретение 100 вагонов новой серии 61-4445, произведенных по технологии Тверского вагоностроительного завода.

В Санкт-Петербурге журналисты побывали в цехах и музее старейшего предприятия железнодорожного транспорта в России – Октябрьского электровагоноремонтного завода (ОЭВРЗ), который в следующем году отметит 200-летний юбилей. Сегодня он специализируется на производстве и ремонте вагонов метро. С 2010 года завод построил более 800 вагонов для метрополитенов Санкт-Петербурга, Москвы и Но-



восибирска. К 2031 году ОЭВРЗ планирует поставить Петербургскому метрополитену 950 новых вагонов.

На территории ОЭВРЗ базируется также Невский завод электрического транспорта, выпускающий современные низкопольные трамваи. Гости осмотрели производственные цеха и даже прокатились на готовой модели продукции – трамвае «Богатырь-М». В завершение побывали в филиале Корпоративного университета ТМХ в Санкт-Петербурге, одним из ключевых направлений которого является система развития кадрового резерва.

Кульминацией пресс-тура стало участие в международном железнодорожном салоне PRO//Движение.ЭКСПО, прошедшем на территории Музея железных дорог России в Санкт-Петербурге. Журналисты посетили мероприятия деловой программы и презентацию нового подвижного состава, произведенного на предприятиях ТМХ.

Насыщенная программа поездки наглядно продемонстрировала, что Трансмашхолдинг сегодня играет ключевую роль в развитии железнодорожного транспорта на пространстве 1520 и за его пределами, формируя будущее отрасли.

Стоит отметить, что с 2024 года у Трансмашхолдинга не осталось активов в Казахстане, однако компания продолжает осуществлять техническое обслуживание и ремонт поставленной техники в тесном взаимодействии с местными ремонтными предприятиями, а такжеставляет узлы и компоненты для казахстанских предприятий.

– Мы активно работаем в Казахстане, являемся партнерами вагоностроительных предприятий и рассчитываем продолжать сотрудничество. С точки зрения нашего индустриального присутствия в Казахстане, все зависит от желания самого Казахстана, мы открыты к взаимодействию, – отметил генеральный директор Трансмашхолдинга, член Бюро Союза машиностроителей России Кирилл Липа.

Любовь РОВБА
Фото автора

За строкой Послания

Слова Президента Касым-Жомарта Токаева о роли Казахстана в мировой транзитной системе отозвались у тысяч железнодорожников, для которых дорога – не просто работа, а часть жизни. От молодых специалистов до ветеранов – все они уверены: развитие транзитных коридоров, повышение безопасности и модернизация инфраструктуры – ключ к дальнейшему укреплению экономики и международного авторитета страны.



Дуан УМАРОВ,
председатель Совета ветеранов-
железнодорожников
Алматинского региона:

– Для нас, ветеранов, важно видеть, что государство продолжает курс на укрепление железнодорожной отрасли. Транспорт всегда был и остается стратегически важной сферой, от которой напрямую зависят экономика страны, уровень жизни населения и международный имидж Казахстана. Мы верим, что поставленные Президентом задачи будут реализованы, а транспорт станет более современным, безопасным и конкурентоспособным.

Руслан ДАВЛЕТОВ,
главный региональный ревизор
департамента безопасности
движения АО «НК «КТЖ»
по Уральскому региону:



– В Послании Президента народу Казахстана Касым-Жомарт Токаев акцентировал внимание на глобальном усилении конкуренции за транзит и необходимости действовать на опережение для наращивания объемов транзитных перевозок. Для этого прежде всего необходимо модернизировать инфраструктуру железнодорожного транспорта в транзитной сфере методом проведения капитального ремонта железнодорожных путей с целью обеспечения в дальнейшем повышения скорости и безопасности движения поездов.

ЛОКОМОТИВЫ БЕЗ РИСКА

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



МЕСЯЧНИК

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) включились в проведение месячника «Автосцепному устройству локомотивов – надежную работу!».

В ходе месячника в депо организовали единовременную проверку автосцепных устройств всего приписного парка локомотивов на предмет исправности механизмов. Кроме того, в депо их проверяют постоянно – с помощью исправных и поверенных шаблонов, обращая внимание на основные параметры. Обеспечивается качественная приемка автосцепного устройства тепловозов с плановых видов технического, сервисного обслуживания и ремонта.

С приемщиками локомотивов, мастерами, бригадами проводят дополнительные техзанятия, на которых изучают требования соответствующей инструкции по ремонту и обслуживанию автосцепных устройств подвижного состава с обязательным принятием зачета.

Локомотивные бригады при приеме тепловозов особое внимание обращают на наличие повреждений, трещин, износа деталей, правильность положения автосцепных устройств, замков и на другие параметры, которые необходимы для обеспечения безопасности.

СПОЛНОЙ САМООТДАЧЕЙ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

За восемь месяцев 2025 года со станций Костанайского отделения грузовых перевозок отправлено 275 732 вагона, что в совокупности составляет 18 миллионов 155,5 тысячи тонн грузов.



В среднем ежедневно костанайские железнодорожники отгружали по 1 148 вагонов, или 75 645 тонн. Основу номенклатуры составили руды: железной – 114 511 вагонов (7 миллионов 983,5 тысячи тонн), цветной – 81 105 вагонов (5 миллионов 495,3 тысячи тонн). Кроме того, погружено 29 199 вагонов зерна (1 миллион 970,3 тысячи тонн), 10 467 вагонов продуктов перемола (700,6 тысячи тонн), а также 1 350 вагонов строительных грузов (89,1 тысячи тонн).

– Из месяца в месяц руководство компании ставит перед нашим коллективом новые задачи, – отметил начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенес Джусекеев. – И наши железнодорожники выполняют поставленные планы. Потому что каждый наш работник относится со всей серьезностью и полной самоотдачей к своему труду, высоко неся звание железнодорожника – этой нужной и важной во все времена мирной профессии.

Фото автора

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ДОСТЫҚ ТІРЕГІ

Қазақстан халқының тілдері күні және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай ҚТЖ-да қызметкерлер арасында «Мемлекеттік тіл – достық тірегі» атты байқау өтті. Компанияның Мемлекеттік тілді дамыту секторы ұйымдастырған байқауға 7 команда қатысып, үш кезең бойынша бақ сынады.



Сайыстың бірінші кезеңі «Сырлы сөз, сазды әуен» деп аталып, бұл кезде әр команда ән, би немесе көркем сөз оқудан өнер көрсетті. «Сөз маржаны» деп аталған екінші кезеңінде сұрақ-жауап викторинасы ұйымдастырылды, бұл кезеңде қатысушылар сахнадағы экраннан көрінген ұяшықтарды таңдап, сонда қазақ тілі мен тарихы, ұлттық мәдениет және теміржолға қатысты сұрақтарға жауап берді. Ал «Тіл – татулық тірегі» атты үшінші кезеңінде өнерпаз теміржолшылар сахналық қойылымдар көрсетті. Бұл кезеңде сайыскерлер қазақ тілінің маңызын, түрлі этностар арасындағы татулықты көрсететін қойылымдарын көпшілікке ұсынды. Байқауға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің бас сарапшысы Сұлтан Ернияз, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Әкімшілік басқармасы» филиалының менеджері Ришат Сағымбаев, «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов, «Қазақстан теміржолшысы» газетінің шолушысы Райхан Рахметова және «Қазкөліккәсіп» ҚБ Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы бойынша филиалының төрайымы Күләш Даниярова қазылық етті.

Негізінен өзге ұлт өкілдерінен тұратын әр команда байқауға барынша дайындалып келгені өнерінен, қойылымдардағы костюмдері мен көрнекі сахналық бұйымдарынан байқалды. Бірінші кезеңде бір команда топ болып ән салып, тақпақпен, экранда бейнеро-

ликпен өздерін көрсетсе, тағы бірі Абайдың өлеңін оқып, енді бірі танымал патриоттық қазақ әндерін орындап, көпшілікті өнерімен тәнті етті. Олардың тақырыпты ашуы әсіресе үшінші кезеңде қатты аңғарылды, бұл кезеңдегі қойылымдарға олар Тың игеру жылдарында өзге елден қоныс аударушы ұлттарға қазақтардың қалай пана болып, бауырына басқанын, АЛЖИР-де тұтқында отырған әйелдерге қазақ ауылдарының тас орнына құрт лақтырып, тамақтандырғанын, сонымен қатар қазіргі заманда да қазақпен құда-жекжат болып отырған өзге ұлттардың арасындағы татулық пен достықты арқау етіп, соның бәрінде олар Абайдың, Ахмет Байтұрсыновтың және басқа да қазақ ақындарының өлеңдерін оқыды, шашу, шапан жабу, ерулік сияқты салт-дәстүрлерді де қосып отырды. Бірқатар солтүстіктен келген командалардың өзінде өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне жатық екені сөз саптауынан көрінді.

Сонымен байқау қорытындысында барлық кезеңде жоғары ұпай жинаған Жамбыл локомотив пайдалану депосының «Әулие ата» командасы бас жүлдені иеленді. Бірінші орын ұпай санына қарай және әр кезеңге команда мүшелерінің толық қатысуы, сөздерін ұмытпауы, тек қазақ тілінде сөйлеу жағынан озық болған Қарағанды ЖТ бөлімшесінің «Аманат» командасы алды. Екінші орын сондай өнер көрсеткен компанияның

«Бас есептеу орталығы» филиалының «Бір шаңырақ астында» командасына берілді. Үшінші орынға Павлодар ЖТ бөлімшесінің «Сарыарқа достары» командасы лайық деп танылды. Ынталандыру сыйлығына Қарағанды, Жамбыл, Шу, Павлодар магистральдық желі бөлімшелерінің теміржолшыларынан құралған «Бірлігіміз жарасқан» командасы ие болды. Қалған екі команда, яғни Ақмола магистральдық желі бөлімшесі мен Астана жол дистанциясының «Бес құмалақ» және Ақмола ЖТ бөлімшесінің «Көкше» командасы Алғыс хаттармен марапатталды. Жүлдегерлерге Ірад, велосипед, мультиварка, автокөлікке қажетті жабдықтар жинағы, балықшыға қажет құралдар салынған рюкзактар және басқа да құнды сыйлықтар табыс етілді. Байқау арасында кәсіби өнер жұлдыздарының да өнер көрсетуімен ерекшеленді. Мемлекеттік тілді дамыту секторының басшысы Ербол Тоқтағазының айтуынша, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту бағытындағы жұмыстар қарқыны ҚТЖ-да алдағы уақытта одан әрі арта түседі. Қазылар алқасы да байқаудың жоғары деңгейде өткенін айтып, қатысушы өзге этнос өкілдерінің де мемлекеттік тілге деген құрметі мен оны үйренуге деген талпынысына ризашылық білдірді.

Ұлан ОРАЗ, Астана
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҰСТАНЫМЫ АЙҚЫН ҰЖЫМ

5 қыркүйек – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні ғана емес, сан ұлттың бауырластығын бейнелейтін Қазақстан халқы тілдері күні. Осы айтулы мереке қарсаңында Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Тіл – татулық тірегі» атты іс-шара өтіп, онда Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі филиалы «Үздік қазақ тілді тасымалдау ұйымы» номинациясын жеңіп алды.

Іс қағаздары мен ресми құжаттардан бастап, ішкі және сыртқы көрнекі ақпараттардың түгелдей қазақ тілінде, сауатты әрі мазмұнды жүргізілуі – Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің ұжымдық мәдениетінің, тілді



қастерлейтін ұстанымының айқын дәлелі. Комиссия мүшелері мекеме ішіндегі әрбір дүниеге, қабырғадағы ақпараттан бастап, қызметтік папкалар мен бұйықтарға дейін мән беріп, бір ауыздан үздік деп таныды.

Железнодорожники станции Павлодар и сотрудники ЛОП увеличили число профилактических рейдов, особое внимание уделяя в этой работе учащимся колледжей и школ.

ВНИМАНИЕ, РОДИТЕЛИ!

Учебный сезон в самом разгаре, да и дети все свое свободное время от уроков еще проводят на улице, поэтому работники стальной магистрали и стражи порядка убедительно просят родителей быть более внимательными и осторожными. В мероприятиях принимают участие и ВЖДО, ПЧ-30, ПЧ-32. С начала года проведены 231 рейд, 88 встреч с населением, 90 – в учебных заведениях. Подобного рода мероприятия проходят и в аэропорту, который сейчас закрыт на ремонт. Во время лекций молодым людям рассказывают о правилах перехода и нахождения на путях, о том, что нельзя играть на территории, где находится железнодорожный транспорт. Несколько лет назад несколько подростков стали жертвами электросети, когда пытались сделать селфи на крыше вагона.

По информации ЛОП на станции Павлодар, статистика за последние два года радует: не было ни одного факта несчастного случая с участием детей, чего не скажешь про взрослых, в том числе о наездах на домашних животных. В прошлом году было зарегистрировано девять фактов, в этом – два. Экстренных торможений в 2025-м – 56, в 2024-м – 127.

Самые опасные участки: Екибастуз – Бозшаколь и Куржункулы, Майский район – Коктобе и Курколь.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар

ПРИМИ МЕРЫ – СОХРАНИ ЖИЗНЬ

Под таким девизом в сентябре проходит месячник по недопущению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте, в ходе которого прошел совместный с линейным отделом полиции по станции Уральск рейд по учебным заведениям, прилегающим к железной дороге в районе четной горловины станции Орал.

В рейде приняли участие инженер по охране труда станции Орал Гульдана Танат, от линейного отдела полиции по станции Уральск – заместитель начальника ЛОП полковник полиции Рауан Мусин, старший инспектор ОАП майор полиции Владимир Федунов и инспектор ГКОГСО лейтенант полиции Адилгерей Есиркепов.

В СОШ № 26 беседа провела с учащимися 9-11-х классов, а в Уральском колледже информационные технологий – со студентами из шести групп, в общей сложности профилактическими беседами охвачено около 250 подростков. После демонстрации видеороликов на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности» сотрудники ЛОП побеседовали на темы «Запрещенные предметы», «Профилактика правонарушений среди



несовершеннолетних» и «Профилактика травматизма». Также раздавались памятки и по окончании бесед проводились блиц-опросы для закрепления информации, отвечали на вопросы учащихся. Профилактическая работа со школьниками и учащимися ссузов продолжается.

Анна МАРЬИНА, Уральск
Фото автора



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

ПРОФЕССИОНАЛ В ДЕЛЕ, ОТЛИЧНЫЙ СЕМЬЯНИН

Машинисту электропоезда Карагандинского регионального участка филиала «Пригородные перевозки» АО «Пассажирские перевозки» Ивану Смоляку удалось предотвратить сход поезда.



ЧП произошло в обычный трудовой день, и ничто не предвещало опасности. Электропоезд назначением Караганда – Астана согласно графику производил свой обычный маршрут. По прибытии в столицу при осмотре состава была обнаружена трещина в раме тележки моторного вагона. О случившемся Иван Смоляк доложил руководству. Продолжать маршрут на неисправном электропоезде не представлялось возможным, так как в любой момент могло произойти крушение.

По его словам, при полном дефектоскопическом осмотре были обнаружены трещины с внутренней стороны боковой рамы тележки. Такой дефект является очень серьезным и требует немедленного устранения, так как рама является силовым каркасом тележки и очень важна для безопасности движения поездов.

– Обнаружение трещин, как правило, производится путем осмотра, очистки поверхности металлической щеткой и использования лупы, а в темное время суток помогает освещение фонарем, которое выявляет тень на месте свежей трещины. Для их устранения применяется сварка с постановкой усиливающих накладок в соответствии с требованиями нормативной документации, – считает он.

Иван Смоляк трудится маши-

нистом с 2011 года, а с 2003-го исполнял обязанности помощника машиниста. Он не только умело и безопасно управляет локомотивом с соблюдением графика движения, но и осуществляет контроль состояния поезда с устранением мелких неисправностей, а также в тесном тандеме взаимодействует с диспетчером и службами для обеспечения движения и безопасности пассажиров или грузов.

Со своими обязанностями мужчина справляется на отлично.

Помимо добросовестного отношения к работе Иван Смоляк отличный семьянин. Вместе с супругой они воспитывают двоих детей – 15-летнего дочь и 6-летнего сына. В свободное от работы время он любит проводить на даче, а также ездить на рыбалку. Эти увлечения помогают снизить нагрузку, связанную со стрессами, которые зачастую возникают на железной дороге.

– Во время приятного времяпровождения на природе есть что осмыслить и продумать планы на ближайшее время, – говорит он.

По словам коллег, Иван – профессионал своего дела и благодаря ему было предотвращено очередное ЧП. Иван Смоляк пользуется авторитетом в коллективе и передает свои знания и опыт начинающим машинистам.

Светлана МОГАЙ,
Караганда
Фото автора

АБАЙ ӨЛЕНДЕРІ ОҚЫЛДЫ

Тараз көліктегі оқу орталығы кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлжан Ақназарованың ұйымдастыруымен Абай өлеңдерінің апталығы өтті.



Хакім Абайдың 180 жылдығына арналған әдеби-сазды көпшілік іс-шараны өткізуге орталық оқытушыларымен бірге тыңдаушылар да атсалысты.

Апталық аясында Тараз вокзалында ұлттық киім киген тыңдаушылар жолаушыларға жапсырмасына Абай Құнанбайұлының өлең жолдары жазылған түрлі тәттілерді таратты. Тәтті алғандар – шағын викториналық ойынның қатысушылары саналады. Шарт бойынша олар ақын өлеңін әрі қарай жалғастырып оқуы тиіс.

– Ұзақ жолға шыққандар үшін бұл ойын қызықты болды. Жолаушылардың ішінде Абай өлеңін білмейтіндері жоқтың қасы. Осының өзі ұлы ақынның шығармалары өміршен екенін көрсетеді, – дейді Гүлжан Ақназарова.

Абай апталығы Тараз көліктегі оқу орталығында өткен әдеби-сазды кеште қорытындыланды. Тыңдаушылар іс-шарада ақынның

өлеңдерін оқып, әндерін шырқады. Хакімнің қара сөздерінен шағын сахнала жасап, көрініс көрсеткендер де болды. Тіпті осы кешке арнап видеоролик түсіргендері де бар.

Абай мұрасын насихаттауға үлес қосып, іс-шараға белсенді қатысқан Шу машиналандырылған жол дистанциясының мамандары Нұржан Оспан, Ерлан Әкімбаев, ШПЧ-33 Алматы белгі беру және байланыс дистанциясы Қазыбек би станциясынан келген тыңдаушы Мейіржан Серік, Ағадыр машиналандырылған жол дистанциясының қызметкері Тараз Шәкенов, ВЧД-27 Жамбыл вагон пайдалану депосы, Тараз станциясының вагон қараушысы Самат Омаровты Тараз көліктегі оқу орталығының директоры Лашынкүл Күзербаева арнайы Алғыс хаттармен марапаттады.

Ардақ ҰСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

**ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ**

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі»
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосқұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.